

Абай ауданы бойынша жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 7 наурыздағы № 11/6-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылдың 4 сәуірінде № 2926 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 шілдедегі № 50/6-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 15.07.2020 № 50/6-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8 бабының 2 тармағына, 11 бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Абай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Абай ауданын аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Абай ауданының елді мекендері бойынша жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Елді мекен жерлеріндегі жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2004 жылғы 29 сәуірдегі Абай аудандық мәслихатының № 8-11 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2004 жылғы 15 маусымдағы № 1843 болып тіркелген, 2004 жылғы 1-15 шілдедегі № 12 "Абай ауылы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Нұғымаров

Абай аудандық

мәслихатының хатшысы

Т. Аманғазы

Абай аудандық мәслихатының

Абай ауданын аймақтарға бөлу жобасы (схемасы)



Абай аудандық мәслихатының
 2013 жылғы 7 наурыздағы
 № 11/6-V шешіміне 2 қосымша

Абай ауданының елді мекендері бойынша жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

Аймақтың №	Елді мекен атауы	Кадастрлық нөмірлері	Жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері
1	Қарауыл	05-236-001	2,0
2	Қарауыл	05-236-002	1,5
3	Қарауыл	05-236-002	1,0
3	Кеңгірбай-Би	05-236-011	1,0
3	Көкбай	05-236-013	1,0
3	Құндызды	05-236-017	1,0
3	Архат	05-236-015	1,0

3	Қасқабұлақ	05-236-005	1,0
3	Саржал	05-236-003	1,0
3	Тоқтамыс	05-236-007	1,0
3	Медеу	05-236-009	1,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК